

Ұ.Б. Төлешова, А.К. Мынбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: ulmekentoleshova@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТӘРБИЕЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ҰЙЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ: КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР МЕКТЕБІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ

Мақалада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі куратор-эдвайзерлер мектебінің (КЭМ) 10 жылдық инновациялық жұмыс тәжірибесі жинақталған. Жоғары білім беруде мектептің іс-әрекет аймағының өзіндік ерекшелігі бар. Ол кәсіби бағдарланған, жалпы құзыреттіліктерді – қарым-қатынас, икемділік, стресске төзімділік, шығармашылық және т.б. қамтиды. Мақалада университеттің тәрбие жұмысындағы жаңа көзқарастардың дамуы деңгейі қарастырылған.

Мақаланың мақсаты – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы куратор-эдвайзерлер мектебінің практикалық тәжірибесін қорытындылау, тәрбие жұмысы бойынша тренингтер өткізу тәжірибесі арқылы академиялық ортаны дамытудың маңызды бағыттарын анықтау; оқытушылардың ұйымдастырушылық мәдениеті мен университеттік білім беру дәстүрлері, стратегиялары мен технологияларын дамыту. Жоғары білім беруде академиялық ортаның ұйымдастырушылық мәдениетін жетілдіру арқылы университеттің әлеуметтік капиталын дамытуға үлес қосу. Куратор-эдвайзерлер мектебінің (КЭМ) негізгі бағыты – кураторлардың білімдік құзыреттілігін арттыру. Авторлар атап өткендей, қосымша біліктілікті арттыру үшін оқыту әдістерін қолдану, оқытушылар тәжірибесімен алмасу, шығармашылық атмосфера, топтағы әлеуметтік шиеленісті жою қызметі, әлеуметтік терапияның элементтері, байланыс орнату және оқытушылар мен ұйымдардың зияткерлік және әлеуметтік капиталының өсуі осы бағыт аясында іске асыру. Инновациялық тәжірибені SWOT талдау.

Түйін сөздер: тәрбие теориясы, куратор, эдвайзер, әлеуметтік капитал, академиялық орта.

U.B. Toleshova, A. Mynbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: ulmekentoleshova@mail.ru

Development of Organizational Culture and Educational Traditions of a University: Experience of School of Adviser Curators

The article summarizes 10 years of innovative work experience of the School of Curators and Advisers (SCA) at Al-Farabi Kazakh National University. Educational activity in higher education has its own characteristics, differs from the school area of activity. It is more professionally oriented, includes the development of common competencies – communication, resilience, stress resistance, creativity, etc. The article reflects the development of new approaches to the educational work of the university. The purpose of the article is to summarize the practical experience of the School of Advisers and Curators at Al-Farabi Kazakh National University, to identify important areas of development of the academic environment through the experience of conducting trainings on educational work, the development of the organizational culture of teachers and educational traditions, strategies and technologies in university education. Great importance in higher education is attached to the academic environment, the improvement of organizational culture, and through it the development of the social capital of the university. The main task of work of SCA is to increase the educational competence of curators. As part of the implementation of this task, as the authors note, thanks to the use of training methods for advanced training, the exchange of teachers' experience, and the creative atmosphere, the functions of relieving social tension in the team, elements of social therapy, establishing communication, and thus increasing the intellectual and social capital of teachers and organizations, were additionally performed. According to the survey, in which about 300 curators took part, more than 90% of teachers note the usefulness of the trainings. The SWOT-analysis of innovative experience was made.

Key words: educational theory, curator, adviser, social capital, academic environment.

Ұ.Б. Толешова, А.К. Мынбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ulmekentoleshova@mail.ru

РАЗВИТИЕ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ УНИВЕРСИТЕТА: ОПЫТ ШКОЛЫ КУРАТОРОВ-ЭДВАЙЗЕРОВ

Статья обобщает 10-летний инновационный опыт работы Школы кураторов-эдвайзеров (ШКЭ) в Казахском национальном университете им.аль-Фараби. Воспитательная деятельность в высшей школе имеет свои особенности, отличается от школьного направления деятельности. Она более профессионально ориентирована, включает развитие общих компетенций – коммуникации, жизнестойкости, стрессоустойчивости, креативности и др. В статье отражено развитие новых подходов к воспитательной работе университета. Цель статьи – обобщить практический опыт работы школы кураторов-эдвайзеров в Казахском национальном университете им.аль-Фараби, выявить важные направления развития академической среды через опыт проведения тренингов по воспитательной работе, развитию организационной культуры педагогов и воспитательных традиций, стратегий и технологий в университетском образовании. Большое значение в высшей школе придается академической среде, совершенствованию организационной культуры, а через нее развитию социального капитала университета. Основное направление работы ШКЭ – повышение воспитательной компетенции кураторов. В рамках реализации данного направления, как отмечают авторы, дополнительно благодаря использованию тренинговых методов повышения квалификации, обмену опытом преподавателей, творческой атмосфере, выполнялись функции снятия социального напряжения в коллективе, элементов социальной терапии, налаживания коммуникации, а значит роста интеллектуального и социального капитала преподавателей и организации. Согласно опросу, в котором приняло участие около 300 кураторов, более 90% преподавателей отмечают полезность тренингов. Проведен SWOT-анализ инновационного опыта.

Ключевые слова: теория воспитания, куратор, эдвайзер, социальный капитал, академическая среда.

Кіріспе

2020 жылы куратор-эдвайзерлер мектебі өзінің 10 жылдығын атап өтеді. Осы уақыт ішінде ЖОО-ғы оқытушылар үшін тәрбиелік стратегиялар мен технологияларды дамыту тәжірибесі жинақталған. Студенттерді элеуметтендіру құрылымындағы ЖОО-ғы оқытушылардың жұмысындағы ерекше бағыт ретінде тәрбиелеуді анықтау – отандық дәстүр болып саналады. Қазақстан тәуелсіздігінің жаңа жағдайында біраз уақыт университеттік ортада оны институттандырудан бас тартуға әрекет болды. Алайда, қазіргі уақытта тәрбие қызметі университеттер мен жоғары оқу орындарының қабырғасында белсенді түрде ұсынылған жаңа бағыттар мен формаларға ие болып отыр.

Мақала мақсаты – Қазақ ұлттық университетінде куратор-эдвайзерлер мектебінің практикалық жұмыс тәжірибесін жинақтау – тәрбие жұмысы бойынша тренинг өткізу тәжірибесі арқылы академиялық органы дамытудың маңызды бағыттарын анықтау, университеттік білім берудегі тәрбиелеу дәстүрі мен оқытушылардың ұйымдастырушылық мәдениетін дамыту жұмысын зерттеу.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі. Зерттеу дизайны куратор-эдвайзер қызметінің бағыттарын

жалпылау, куратор-эдвайзер мектебін құрудың инновациялық тәжірибесін және практикалық қызметін жалпылау. Бұл мақаланың бірінші бөлігіне арналды. Жоғары оқу орны оқытушыларының тәрбиелік құзыреттілігін жетілдіруден басқа, куратор-эдвайзерлер мектебі академиялық органы, ұйымдастыру мәдениетін, ЖОО-ның элеуметтік капиталын дамытудың бірнеше ілеспелі бағыттарын орындайды. Зерттеудің осы бағытын талдау үшін педагогиканың орта, аксиологиялық, коннективистік тәсілдері қолданылды. Бұл зерттеудің жұмыстары мақаланың екінші бөлімінде жүргізілді. Зерттеу әдістері – инновациялық тәжірибені жинақтау және талдау, білім беру құжаттарын, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, салыстыру, дәстүрлер мен құндылықтарды анықтау.

Эдвайзер-куратор жұмысының бағыттары

Тәрбие қызметінің табыстылығы көптеген жағдайда студенттік топпен бірге жүргізілетін куратор-эдвайзерлерінің кәсіби педагогикалық шеберлігіне байланысты болады. «Куратор» және «эдвайзер» ұғымына жеке-жеке анықтама берер болсақ: *куратор (curator)* – латын тілінен аударғанда қамқоршы деген мағынаны білдіреді. Куратор – ол студенттің өміріндегі тәлім-

тәрбие, бос уақытты ұйымдастыру, еңбектену, әлеуметтік сұрақтарын шешу үшін деканат тағайындаған оқытушы. *Эдвайзер (Advisor)* – оқу кезеңінде білім бағдарламасын меңгеруге бағыт беретін арнаулы кафедра оқытушысы. Тәрбие-педагогикалық үрдістің өте маңызды әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін құрамдас бөлігі екендігі мәлім. Олай болса, студенттердің аудиториядан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру куратор-эдвайзердің басты қызметі болып табылады.

Куратор – эдвайзер – студент байланысы болып табылады. Куратор-эдвайзер – ақылды, парасатты, инабатты, адамгершілігі мол, тек қана шындықты айтатын, кішіпейіл және білімді болғаны абзал. Куратор-эдвайзер ол студенттің бос уақытты ұйымдастыру, еңбектену, әлеуметтік сұрақтарын шешу және топ студенттермен жиі қарым-қатынас жасайтын тұлға. Олай болса куратор-эдвайзердің жұмыс бағыттарына тоқталатын болсақ:

Студенттерге педагогикалық -психологиялық кеңес беру;

Кураторлық сағат жоспарын құру;

Жеке және топ студенттерімен жұмыс;

Шеберлік кластарын ұйымдастыру;

Тәрбие бағыттары бойынша тақырыптық кеңес беру;

1 курс студенттерінің бейімделуіне негізделген сауалнамалар, тестік сұрақтар құрастыру;

Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру;

Тәрбиелік іс-шаралар, семинарлар, байқаулар ұйымдастыру.

Университеттегі тәрбие кеңістігі, яғни тәрбие ортасының студент тұлғасын қалыптастыру факторы ретінде рөлі мен мәнін тереңірек түсіну үшін «орта», «әлеуметтік орта», «білім беру ортасы», «тәрбиелік орта», «академиялық орта» «фактор» ұғымдарының мазмұндық сипатын білу керек.

С.И. Ожегов «Орта – қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардың ортақтығын байланыстыратын адамдар тобы деп анықталады» деген болатын. «Орта» ұғымын қазіргі заман тұрғысынан анықтау табиғи және әлеуметтік факторлардың жиынтығын қамтиды. Әлеуметтік орта, яғни білім беру арнайы ұйымдастырылған орта ретінде адамды әлеуметтендіру ортасына жатады.

Әлеуметтік орта – адамдар тартылған қоғамдық қарым-қатынастармен тұрақты байланыста болатын олардың қалыптасуы, тіршілік етуі, дамуы және іс-әрекеттерінің қоғамдық (материалдық және рухани) жағдайларын қамтитын адам-

ның қоршаған әлеуметтің әлемі. «Фактор» ұғымы неміс тілінен аударғанда «fakto» – жасайтын, өндіретін деген мағынаны білдіреді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп те атайды. Университеттегі тәрбие жүйесінің табысты әрекет етуінің маңызды белгісі тәрбиелік ортаны тиімді ұйымдастыру болып табылады. Тәрбие ортасы бұл адамның тұлғалық дамуына әсер ететін және заманауи қоғам мен мәдениетке енуіне септігін тигізетін, оны қорғайтын әлеуметтік құнды жағдайлардың жиынтығы.

Сондықтан тәрбие ортасы тәрбиенің мазмұны мен формасын байытатын, тұлғаның өзіндік белсенділігін іс-әрекеттің сан алуан түрлерін ұйымдастырылуымен біріктіруге мүмкіндік туғызатын қауымдастық ретінде қарастырылады. Бірлік рухындағы академиялық ортаның ерекшелігі – бұл оқытушылар мен профессорлар құрамының біліктілігі мен студент жастардың құштарлықтарының байланысы. Зерттеу мен оқытудың бірлігі, академиялық еркіндік, университеттердің діни ұйымдардан бөлінуі, автономия және институционалдық жауапкершілік дәстүрлері мен принциптерінің 1000 жылдан астам тарихы бар. Республика тәуелсіздігінің қысқа кезеңімен байланысты отандық дәстүрде тәрбиелік дәстүрлердің маңызы ерекше. Тәрбие ортасын құруда оған негіз болатын мақсаты мен мазмұны, қағидалары мен идеяларына ерекше мән беріледі, соның ішінде жалпы тәрбиенің мынандай өмірлік негіздеріне сүйену қажет:

– Қазақстан жастарын жерін, елін, Отанын сүйетін, ұлттық құндылықтарын жоғары қастерлейтін, рухы биік азамат етіп тәрбиелеу;

– Заңды құрметтейтін азамат етіп тәрбиелеу;

– Салауатты өмір салтын сүйетін, дені сау азамат етіп тәрбиелеу, Оқушының физикалық, психикалық, әлеуметтік денсаулығын сақтау, күйзеліске төзімділікке тәрбиелеу, өміршендік, психогендік әдістер арқылы салауатты өмір салтын сүйетін, дені сау азамат етіп тәрбиелеу;

– Ертеңіне сеніммен қарайтын адам етіп тәрбиелеу және т.б.

Тәрбие ортасы тәрбие жұмысының құндылық-мақсаттық ұстанымын, жетекші бағытын, әдістері мен формаларын, сонымен қатар тәрбиелік үрдіске қатысушылардың іс-әрекетін мәдениетті адамды тәрбиелеуге, өз Отаны үшін жауапкершілік сезімін меңгерген тұлғаны қалыптастыруға және анықтауға негіз болады. Тәрбие ортасы тұлғаның өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру үрдістеріне ықпал ететін факторларға

байланысты тәрбиенің бағытын сипаттайды, басқа да ортада (мәдени әлеуметтік, ақпараттық және т.б.) көрініс табады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – заманауи талаптарға сай жоғары кәсіби білімді, бәсекеге қабілетті, қасиет сапаларды меңгерген, мемлекеттің экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, тұлғалық маңызды мақсат қоятын және соған жетуге қабілетті маманды дайындау. Бұл жерде куратор-эдвайзердің орны ерекше екендігін анық. Ол тәрбие үдерісіне қатысушылардың мақсаттары мен жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік туғызатын тәрбие жүйесін құруға және оны тәжірибеде қолдануға бағытталған. Жоғары оқу орнының тәрбиелік іс-әрекеттерін бағалаудың заманауи тұрғысының ерекшелігі тәрбие үдерісін жүйелі ұйымдастыру және бұл жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін қажетті факторлардың тұтас кешенін бөліп көрсету болып табылады:

- студенттердің өзін-өзі басқару;
- студенттердің әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту;
- студенттердің волонтерлік қозғалысын ұйымдастыру;
- студенттік ғылыми қауымдастық жұмысын жандандыру (жыл сайын дәстүрлі өтілетін ғылыми-практикалық конференция);
- студенттерге қолдау көрсету (әлеуметтік, психологиялық т.б.)

Тәрбие ортасы әлеуметтендіру факторлары болып табылады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызды шарттарына жоғары оқу орнының бірегей тәрбие ортасын құру жатады.

Жоғары оқу орнында тәрбиелік іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастырудың негізгі шарттары:

- университеттегі тәрбие жүйесін студенттің өзін-өзі басқаруы, тәрбиелік іс-әрекет кеңесі, тәрбие жетекшісі институтын құру және ендіру арқылы тиімді басқару;
- алуан түрлі категориядағы студенттермен (бірінші курстар, бітіруші түлектер және т.б.) жүргізілетін жұмыстарды дифференциялау, яғни саралау;
- тәрбие жұмысын тұлғаға бағдарлау, студент тұлғасының өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзін-өзі дамытуына баса назар аудару.

Тәрбие немесе академиялық ортасы теориясына сәйкес орта тәрбие үдерісі жүзеге асырылатын территориядан тұрады. Ол көп деңгейлі білім беруде бірнеше компоненттерге бөлінеді:

- құндылық *компонент* (университеттің дәстүрлері мен құндылықтарын, корпоративті мәдениетті бойына сіңіру)

– *іс-әрекеттік компонент* (тұлғаның тікелей өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі бекітуге, өзін-өзі көрсете алу ортасы);

– *коммуникативтік компонент* (тікелей қарым-қатынас ортасы);

– *компаративті компонент* (әлеуметтік фон ретінде қатысатын орта);

– *ақпараттық компонент* (ақпараттық орта);

– *эмоционалды компонент* (студенттердің көңіл-күйі, іс-әрекетке қабілеттілігі, қатынасқа түсу дайындығы ортасы);

– *әлеуметтік-заттық компонент* (адамның өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін құрайтын маңызды заттық ортасы);

– *экологиялық компонент* (студентке қызмет көрсету жүйесі, тұрмыстық, көлік, басқа да қызметтер ортасы).

Нәтиже. Куратор-эдвайзерлер мектебінің құрылу тарихы.

2010-2011 оқу жылы аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көлемінде «*Куратор-эдвайзер мектебі*» құрылды. Кеңес заманында ХХ ғасырдың 70-80 жылдары педагогика кафедрасында «Педагогикалық шеберлікті жетілдіру институты» құрылды, ал 2020 жылы 80 жыл болды. Эдвайзер-куратор мектебінің құрылуы, бір жағынан, бұл дәстүрдің жандануы болса, екінші жағынан, Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім беру бағытын жетілдіру мен тәрбие жұмысының инновациялық жүйелерін дамытуды мақсат тұтты. Яғни Қазақстанда инновациялық білім беру жүйесін дамыту.

Куратор-эдвайзер мектебінің мақсаты – университеттің куратор-эдвайзерлерінің психологиялық, педагогикалық, оқу-әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру.

«*Куратор-эдвайзер мектебі*» жұмыс жоспары төмендегідей құрылды:

– Куратор-эдвайзерлердің психологиялық-педагогикалық дағдылары мен біліктерін дамыту бойынша тренингтер жүргізу;

– Куратор-эдвайзерлердің тәрбиелік қызметін жетілдіру бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау;

– куратор-эдвайзерлерінің жұмыс тәжірибелерін жинақтау,

– Факультеттердің ашық тәрбиелік іс-шараларына қатысу, куратор-эдвайзерлерге әдістемелік кеңестер беру және т.б.

1 курс студенттерін университет өміріне бейімделу;

Қауіп-қатер тобына бейім студенттермен әлеуметтік-психологиялық жұмыс жүйесі;

«Менің елімнің негізгі Заңы мен мемлекеттік рәміздері» (кураторлық сағат);

Интерактивті сабақтар – кураторлық сағаттар, ЖОО куратор-эдвайзерлерінің тәрбиелік жұмыстарының әр түрлі бағыттары бойынша рөлдік ойындар;

Студенттермен бірге тәрбие жұмыстарының өзекті әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелері бойынша семинар (куратор-эдвайзерлермен тренингтер өткізу);

«әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – менің Alma Mater-ім» бірінші курс студенттерімен бірге ең үздік кураторлық сағат;

Куратор-эдвайзерлердің үздік әлеуметтік жобасының тұсаукесері;

«Табиғат ең құнды байлық, ол бәрімізге ортақ», «Тоғай өмірі мен адамдардың тағдыры», «Жасыл әлем – жастардың көзімен» кураторлық сағаттар.

Жыл сайын университет көлемінде қысқы және жазғы семинар тренинг жүргізіліп отырады.

Барлық факультеттердің куратор-эдвайзерлері қатынасып, куратор сағат жоспарын құру, студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологияларын меңгереді.

Кесте – Университеттің куратор-эдвайзерлері мен жаттықтырушыларына жүргізілетін тренингтер тақырыптары (қазақ және орыс тілдерінде) [1-10]

ЖЫЛЫ	Тақырыбы
2011	«Университет студенттеріне арналған инновациялық білім беру жүйесі» «Инновационная система воспитания студентов университета»
2012	«Инновационалдық тәрбиелеу технологиясы», «Студент тұлғасын тәрбиелеудегі экологиялық көзқарастар» «Инновационные воспитательные технологии», «Средовый подход в воспитании личности студента»
2013	Университеттегі оқытудың заманауи стратегиялары мен әдістері Современные стратегии и методы воспитания в вузе
2014	Мынбаева А.К. Технологии социально-педагогической работы со студентами группы риска; Төлешова Ұ.Б. Оқушылардың жеке тұлғасын дамытудағы рухани-адамгершілік құндылықтар Мадалиева З.Б. Арт-технологии в развитии личности; Анарбек Н.А. Развитие коммуникации в воспитательной работе,
2015	Мынбаева А.К «Командообразованию студенческой группы» (асс. Мухатаева Д.И.), Ельбаева З.У. Ертаргынқызы Д. Студенттік көшбасшылық және топ мотивациясын басқару тиімділігі, Мадалиева З.Б., Садвакасова З.М. Применение арт-терапии на кураторских часах», Толешова У.Б. 50 минут – кураторлық сағаттың студент тұлғасына әсері (асс. Рамазанова С.А.), Анарбек Н.А. Формирование позитивного мышления у студентов. Технологии социально-педагогической работы куратора-эдвайзера со студентами группы риска (асс. Каденов Е.), Шағырбаева М.Д. Тәуекел тобындағы студенттер мен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы. Педагогикалық қолдау: педагогтің тәрбиелік ұстанымының негізі (асс. Хадырбаева З.)
2016	Төлешова У.Б. Тәуекел тобындағы студенттер мен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы. Мынбаева А.К. Куратор-эдвайзер жұмысындағы тұлғаны дамыту технологиялары /Технологии личностного развития в работе куратора-эдвайзера Булатбаева А.А. Командообразование в студенческой группе Садвакасова З.М. Технологии социально-педагогической работы со студентами группы риска Шағырбаева М.Д. Тәуекел тобындағы студенттер мен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы
2017	Мынбаева А.К. «Коучинговые технологии в работе куратора-эдвайзера» У.Б. Толешова «Студенттердің көңіл-күйін жақсартуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру технологиялары» Садвакасова З.М. Технология разработки и проведения тренинга в деятельности куратора-эдвайзера
2018	Мынбаева А.К. Особенности цифрового поколения и технологии воспитания Толешова У.Б. Студенттердің интеллектуалдық қабілетін дамыту технологиялары Садвакасовой З.М. Инновационные практики воспитания студентов группы риска Ельбаева З.У. Тәуекел тобындағы студенттер мен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы

2019	Төлешова У.Б. «Топтағы қатынасты анықтаудағы социометриялық әдістер» (асс. Мурзагулова М.), Садвакасова З.М. Поведенческий калькулятор в конфликтах Мынбаева А.К. Развитие стрессоустойчивости студентов креативными методами» (асс.- PhD Мухатаева Д., маг. Серикова К.).
2020	«Арт-методы и сторителлинг в развитии личности студентов. Регуляция эмоций» – д.п.н., проф. каф. педагогики и образовательного менеджмента Мынбаева А.К.; «Университеттерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы арт-технологиялар» к.п.н., доц. каф.педагогики и образовательного менеджмента Толешова У.Б.; «Конфликтологическая грамотность: группы риска» к.п.н., доцент кафедры общей и прикладной психологии Садвакасова З.М.

10 жыл ішіндегі тақырыптарды талдау тәрбие стратегиялары мен әдістерінің инновациялығын, олардың құқықтық бағдарлануын, тәрбиелеудегі тәсілдердің креативтілігін көрсетуге мүмкіндік береді. Куратор-эдвайзер мектебінің жаттықтырушылары сабақ мазмұнындағы жаңа психологиялық-педагогикалық жетістіктерді қоса алғанда, тренингтер тақырыбын жыл сайын жаңартып отыруға тырысады. Тренинг немесе мастер-класс формасы арнайы таңдалған, өйткені бұл жаңа теориялармен танысуға ғана емес, сонымен қатар тәрбие жұмысының үлкен жүгі бар оқытушылармен тәжірибе алмасуға көмектесетін оқыту түрі. Тренингтер андрагогиялық және акмеологиялық, коучинг тәсілдерінің негізінде әзірленген. Бірінші бөлімде тренинг қатысушыларының тәжірибесі өзекті. Содан кейін ойын, рөлдік жаттығулар, рефлексивті және диагностикалық әдістемелер, топтық жұмыс қолданылады.

Мысал ретінде біз кураторлар үшін 2019 жылғы социометрия бойынша қысқаша мәліметтер берілді. 2019 жылдың 10-11 қаңтарында өткізілген семинар-тренингте топ ішілік шағын топтарды анықтауда социометрия әдісін тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

Социометрия – топта жеке тұлғааралық қатынастарды өлшеу дегенді білдіреді. Социометрия – саяси психологияда кішігірім топтар мен оның ішіндегі формальды емес жеке қатынастарды зерттеуге қолданылатын әдіс. Бұл әдісті америка социологы және психологы Джекоб Морено ұсынған болатын. Автосоциометриялық әдістер – зерттеу объектісі топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасын зерттеудің тәсілдерінің бірі. Автосоциометрия жиі топтағы адамдарды біріктіретін қарым-қатынастарды түсіну үшін қолданылады. Топтағы әрбір адам қысқа уақытқа социометрист болып келеді. Бұл әдіс бойынша зерттеушінің міндеті топ құрылымы туралы барлық пікірлерді жинау болып табылады. Бұл міндетті әртүрлі тәсілдермен шешуге

болады, оның таңдауы топтың құрамына, оның біртектілігінің дәрежесіне, барлық топ ішіндегі іс-шараларға қатысуына және т.б. байланысты.

Социометрия социометриялық тесттен, ауто-социометриядан, ретроспективті социометриядан және т.б. әдістерден тұрады. Топ мүшелерінің социометриялық мәртебесін оң және бұрыс таңдауды есептеу арқылы алуға болады. Бұл өз кезегінде топтың социограммасы мен социоматрицасын жасауға мүмкіндік береді. Социометрия топ ішіндегі қатынастар заңдарын қалыптастыруға мүмкіндік тудырды. Топ арасындағы қарым-қатнасты, лидерлік қасиетті анықтауға мүмкіндік береді.

Социометриялық әдістің мәні белгілі бір шарттарға жауап беретін адамдарға – бірізділік тәртіппен таңдауды іске асыру міндеті қойылған топ мүшелерін сауалдаудың нәтижесін зерттеу. Демек, бұл жағдайда әртүрлі социометриялық өлшемдер немесе нақты сұрақтар ұсынылады, оған әрбір зерттеуші жауап беруі тиіс (мәселен, зерттеуші бірінші кезекте кіммен бірге жұмыс істеуді, көрші болуды, демалуды қалайды, кіммен екінші кезекте, кіммен үшінші кезекте). Сонымен зерттеу нәтижесінде топтағы «социометриялық жұлдыздарды» немесе топтағы ең көп таңдауға ие болғандарды анықтау.

Бұл әдіс тез арада топтағы адамдардың бір-бірімен қатынасын анықтауға мүмкіншілік береді. Бұл әдісті сынып жетекшілері, тәрбиешілер кеңінен қолданады. Мектеп оқушыларына төмендегі сұрақтарға жауап беру сұралады: «Сен кіммен туристік жорықтарға, емтиханға дайындалуға, бір партада отыруға, бір командада ойнауға тілек білдірер едің?» Әрбір сұраққа үш таңдау беріледі: нәтижесінде топтың кейбір мүшелері көп таңдауға мәжбүр болады. Топтың әрбір мүшесінің орны, рөлі, мәртебесі, бағыты туралы негізделген бағалауға, топ ішілік шағын топтарды, оның көшбасшыларын анықтауға мүмкіндік береді және социометриялы өлшемдер алынып, топ ішілік тұлғалардың іс-әрекеті

мен қарым-қатынасының әртүрлі жақтарын қамтиды. Семинар-тренингте тақырып негізінде теориялық талдаулар жасалып, студенттердің қарым-қатынасын нығайту мақсатында «Хат», «Өрмекшінің торы», «Көршінің кім екенін білесің бе?» және т.б. психологиялық ойындар, жаттығулар жүргізілді. Екі күндік семинарда барлық факультеттен кураторлар қатынасып өз ойларымен бөлісті.

Топ аралық қатынастар тренингтерді өткізу кезінде ынтымақтастық, тәжірибе алмасу, креативтілік, өзін-өзі көрсету, әзіл, іскерлік және жеке қарым-қатынас ерекше атмосферасы құрылады. Мұндай тәсіл студенттердің қызығушылығын, жұмыс істеу ниетін дамытуға, студенттердің іскерлігін дамытуға, студенттердің ішке менін дамытуға бағытталған. Ол үшін «тыңдау деңгейлері», ашық сұрақтар қою, коучинг ұстанымдары және т. б. коучинг техникасы қолданылады. Кураторлардың сауалнамасына сәйкес өткізілген тренингтерден кейін 300 қатысушының 90%-дан астамы куратор-эдвайзерлер мектебінің қысқы тренингтерінің пайдалылығын атап өтті, қатысушылардың 10%-ға жуығы тренинг тақырыбын кеңейту, инновациялық тәжірибе алмасу бойынша өз ұсыныстарын ұсынды. Қысқы мектептерде жыл сайын қысқы мектепке келетін тұрақты тыңдаушылар бар. Жаттықтырушылардың өздері үшін – волонтерлік жұмыс. Қысқы тренингтерді ұйымдастыруға проректор Ш.Е. Джаманбалаева, тәрбие жұмысы жөніндегі Департамент көмектеседі. Жаттықтырушылардың шығармашылық көзқарасы КЭМ жұмысын талқылауға, ұйымдастыру мәдениетін дамытуға, ал ол арқылы әлеуметтік капиталды дамытуға бағыттауға мүмкіндік берді. Және мұндай міндет КЭМ мен бапкерлердің алдында тұрған жоқ, бірақ ішінара орындалды.

Талқылау

Мақала мақсаты – ҚазҰУ-дың куратор-эдвайзерлер мектебінің практикалық жұмыс тәжірибесін жинақтау. Тәрбие жұмысы бойынша тренинг өткізу тәжірибесі арқылы академиялық ортаның дамуының маңызды бағыттарын анықтау. Куратор-эдвайзерлер мектебінің 10 жылдық инновациялық жұмыс тәжірибесін жинақтай отырып, шығармашылық, тәрбиелеу, дамыту академиялық ортасын дамытуға назар аударамыз. Ұйымдастыру мәдениеті ұйымның зияткерлік және әлеуметтік капиталымен байланысты. Экономика, менеджмент және әлеуметтану постмодернистік теорияларында ұйымның даму агенті ретінде зияткерлік және әлеуметтік капиталына,

сондай-ақ жаңа өнім жасаудың және ұйымның тиімділігін арттырудың әлеуетті мүмкіндіктеріне үлкен мән беріледі.

Зияткерлік капитал ұйым мамандарының білімдерінен, шеберлігінен, дағдыларынан және құндылықтарынан тұрады. Э. Сүлейменова және т.б. жазғандай, «П. Бурдые қоғамдағы экономикалық даму мен әлеуметтік капитал деңгейлері арасындағы өзара байланысты көрсетеді... әлеуметтік капитал арқылы экономикалық агенттер экономикалық ресурстарға тікелей қол жеткізе алады және белгілі бір институттарға интеграциялана алады» [3]. «Әлеуметтік капитал ұйымның тұлғааралық кеңістігінде мақсатты түрде қалыптасқан өзара сенім мен өзара көмек әлеуеті ретінде анықталады. Капиталдың бұл түрі басқалары сияқты, өнімді болып табылады, бірақ оларға қарағанда ол адамдар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құрылымында пайда болады және жүзеге асырылады» [3]. А. Bryk, В. Schneider білім беру ұйымдары үшін «әлеуетті арттыру міндеті жеке тұлғаларға зияткерлік капиталды оны тиімді пайдалану мүмкіндігі үшін ұйымдастырушыға айналдыруға мүмкіндік беру болып табылады. Ол үшін әлеуметтік капиталға – сенімге, құрметтеуге, ынтымақтастыққа және желілерге назар аудару қажет. Ұйым ие әлеуметтік капитал аудиті ішкі желілік тетіктердің сапасы мен ауқымын ғана емес, кім кіммен сөйлеседі, қалай, қашан және не туралы? – сондай-ақ, адамдардың бір-бірімен өзара іс-қимыл жасауға және өз білімі мен тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік беретін сенім деңгейі» [4-5].

Spinello жазғандай, жаңа шақыру, «коннективизм және көшбасшылық», «желілік өзара іс-қимылды дамыту» құрылым ішінде; «табысты ұйымдар дәстүрлі иерархиялық бизнес-модельдерді құрмай, командалардың модельдерін және шешім қабылдау хаттамаларын пайдалана алады» (Moses, Spinello, 2020). Мұндай постмодернистік тәсіл университеттердің ұйымдастырушылық, зияткерлік және әлеуметтік капиталын арттыруға мүмкіндік береді.

Педагогтердің құзыреттілігін арттыру – бұл ұйым шеңберінде үздік озық тәжірибені анықтау, өзіндік бенчмаркинг, сондай-ақ басқа әріптестер мен оқушылар үшін мекемеде осы тәжірибені тарату үшін мекеменің өзінен артық шығынға көшірілуі мүмкін жеке тұлғаның және ұйымның шығындары. Ұйымның зияткерлік және әлеуметтік капиталын жетілдіру үшін білім беру көшбасшылығының стратегиялары ұсынылады. Яғни ұйымда ұйымның дәстүрлері мен құндылықтарын ескере отырып, ұйым-

дастырушылық мәдениет ретінде білім беру көшбасшылығын көтермелеу мен жылжытудың ерекше ортасын құру.

Қорытынды

Куратор-эдвайзерлер мектебінің жұмысын SWOT-талдау іс-әрекеттің күшті жақтары туралы айтуға мүмкіндік береді: мектептің әр қатысушысының зияткерлік капиталын өсіру, тәрбиелік дәстүрлерді дамыту, оқытушылардың тренингтік және кураторлық құзыреттерін қалыптастыру, жаңашылдық тәсілдері, оқытушылардың белсенділігі мен әлеуетін шоғырландыру, академиялық ортаны дамыту, қарым-қатынас арқылы шиеленісті түсіру және т.б. жұмыстың

әлсіз жақтары – тренингтердің тұрақты форматы, оқытушылар мен жаттықтырушылардың жүктемесі, мектеп арсеналында болмауы мүмкін жедел шешімдерді іздестіру қажеттілігі және т.б. Белсенді ынтымақтастық, нақты құрылым, білім беру көшбасшылығы арқылы жаңа жобалар құруға мүмкіндіктер берді.

Куратор-эдвайзерлер мектебінің қызметі арқасында кураторлардың тәрбиелік құзыреттілігін дамыту жаңа тәрбиелік стратегияларды қолдануға ықпал етеді. Сонымен қатар, өткізілген тренингтер академиялық ортаны жетілдіру, ұйымдастыру дәстүрлерін, ұйымдастыру мәдениетін, университеттің әлеуметтік және зияткерлік капиталын дамыту үшін жағдай жасайды.

Литература

1. Мынбаева А.К. Воспитание личности: из опыта Школы кураторов-эдвайзеров // Қазақ университеті. – 2012. – январь. – С.3.
2. Әлімбаева Ә. Куратор-эдвайзерлер педагогикалық шеберліктерін арттырды // Қазақ университеті. – 2013. – 15 қаңтар. №1 (1470). – 26.
3. Төлешова Ұ.Б. Куратор-эдвайзер мектебі – тәрбие көзі // Қазақ университеті. – 2014. – 28 қаңтар. № 3(1514). – б. 1,3.
4. Мынбаева А. Развивая педагогические навыки // Қазақ университеті. – 2014. – 28 қаңтар. № 3(1514). – б. 3.
5. Мынбаева А.К., Толешова У.Б., Мадалиева З.Б. Школе кураторов-эдвайзеров – 5 лет // Қазақ университеті. – 2015. – 20 қаңтар. – №2(1555). – С.1, 3.
6. Мынбаева А.К. Воспитать гармоничную личность // Қазақ университеті. – 2016. – 19 янв. №3(1597). – С.5.
7. Мынбаева А. Зимние тренинги КазНУ // Қазақ университеті. – 2017 – 24 қаңтар №2(1636). – 7 б.
8. Әбенев Б. Тәлімгерлер тағы тренингте табысты // Қазақ университеті. – 2018. – 16 қаңтар. №2(1672). – 76.
9. Нода Л., Рожков А. Приумножая потенциал // Қазақ университеті. – 2019. – 22 янв. №3 (1712). – С.8
10. Нода Л. Школа кураторов-эдвайзеров открывает новые методы работы // Білімді ел – Образованная страна. – 2020. – 28 января №4(209). – с.8
11. Рассказова Л. Социометрический метод исследования малой группы: учебно-методическое пособие. – М.: МААН, 2009.
12. Сулейменов Э., Габриелян О.А., Пак И.Т., Панченко С.В., Мун Г.А. Инновационные сценарии в постиндустриальном обществе. – Алматы: Симферополь, 2016. – 218 с.
13. Bryk A., Schneider V. Trust in schools: A core resource for improvement. – New York: Russell Sage Foundation, 2002. – P.40-45.
14. Yakavets N., Frost D., Khoroshash A. School leadership and capacity building in Kazakhstan // International Journal of Leadership in Education, 2017. – Volume 20. – Issue 3. – P. 345-370
15. Spinello, Frederique Corbett Elio. Connectivism and leadership: harnessing a learning theory for the digital age to redefine leadership in the twenty-first century // Heliyon, 2020. -№ 6(1). <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e03250>

References

1. Mynbayeva, A.K. (2012). Vospitaniye lichnosti: iz opyta Shkoly kuratorov-edvayzerov [Parenting: from the experience of the School of Advisor-Curators]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. January, p.3. (In Russian)
2. Alimbekova, A. (2013). Kurator-edvayzerler pedagogikalik sheberliklerin arttirdi [Curators-advisers improved their pedagogical skills]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. 15 qantar, #1 (1470), 2. In Kazakh
3. Tuleshova, U.B. (2014). Kurator-edvayzer mektebi – tarbie kozi [Curator-advisor school – a source of education]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. 28 kantar. #3 (1514), pp. 1-3. (In Kazakh)
4. Mynbayeva, A. (2014). Razvivaya pedagogicheskie naviki [Developing pedagogical skills]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. 28 qantar. # 3 (1514), 3. In Russian
5. Mynbayeva A.K., Toleshova U. B., Madaliyeva Z. B. Shkole kuratorov-edvayzerov – 5 let [School of curators – advisors – 5 years]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. – 2015. – 20 Kazakhstan. – No. 2 (1555). – С.1, 3.
6. Mynbayeva, A.K. (2016). Vospitat' garmonichnyuyu lichnost' [To bring up a harmonious personality]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. – 2016. – Jan 19 No. 3 (1597). – С.5.

7. Mynbayeva, A. (2017). Zimniye treningi KazNU [Winter training KazNU]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. – 2017 – 24 қаңтар №2 (1636). -7 b.
8. Abenov, B. (2018). Tulimgerler tagy trainingte tabisty [Mentors are also successful in training]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. 16 Kartar.#2 (1672), 7b.
9. Noda, L., Rozhkov, A. (2019). Priumnozhaya potentsial [Multiplying potential]. Kazak universiteti. Newspaper [Kazakh University]. Jan 22, # 3 (1712), p.8
10. Noda L. (2020). Shkola kuratorov-edvayzerov otkryvayet novyye metody raboty [The school of curators-advisers opens up new methods of work]. Bilimdi el – An educated country. January 28, # 4 (209), p. 8
11. Rasskazova, L. (2009). Sotsiometricheskiy metod issledovaniya maloy gruppy. Uchebno-metodicheskoye posobiye [Sociometric research method of a small group. Teaching aid]. Moscow, IAAN.
12. Suleimenov, E., Gabrielyan, O.A., Pak, I.T., Panchenko, S.V. & Moon G.A. (2016). Innovatsionnyye stsenarii v postindustrial'nom obshchestve [Innovative scenarios in a post-industrial society]. Almaty – Simferopol, 2016. -- 218 p.
13. Bryk, A., Schneider, B. (2002). Trust in schools: A core resource for improvement. New York: Russell Sage Foundation, P.40-45.
14. Yakavets, N., Frost, D. & Khoroshash A. (2017). School leadership and capacity building in Kazakhstan. *International Journal of Leadership in Education*, V.20, Issue 3. P. 345-370
15. Spinello, Frederique Corbett Elio (2020). Connectivism and leadership: harnessing a learning theory for the digital age to redefine leadership in the twenty-first century. *Heliyon*, 6 (1). <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e03250>